

Н. С. Бердияров, магистрант
(Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы)

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАРДАПТАРДЫ ӨТЕУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Бүгінгі таңдағы экология мәселесі ғаламдық проблемаға айналып отыр. Экология табиғаттың тазалығы, экология адамзат тіршілігінің негізі. Қоғам мен табиғат бір-бірімен тығыз байланыста.

Қазіргі әлемде экологиялық проблемалар өзінің қоғамдық мәні жағынан алдыңғы қатардағы мәселелердің біріне айналды, тіпті ядролық соғыс қаупі де оның көлеңкесінде қалып қойды. Адамның шаруашылық іс-әрекетінің қауырт дамуы, айналадағы ортаға үдемелі, көбіне білдірушілік сипатта әсер етуде. Адамзаттың табиғатқа әсері мыңдаған жылдар бойында қалыптасқан табиғи жүйелерді өзгерту, сондай-ақ, топырақты, су көздерін, ауаны ластау арқылы жүзеге асуда. Бұл табиғат ахуалының күрт төмендеуіне әкеліп соқты, көп жағдайларда орны толмас зардаптар қалдыруда. Қазіргі кезде экологиялық дағдарыс шын мәніндегі қауіпті төндіріп отыр: іс жүзінде тез өріс алып бара жатқан дағдарыстық жағдайларды кез-келген аумақтардан көруге болады.

Экологияны қорғау жөніндегі жұмыстар қысқа мерзімді жұмыстар емес, жүйелі түрде, кешенді жүргізілетін, ұзақ мерзімді, халық шаруашылығының барлық саласын қамтитын мемлекеттік зор маңызы бар проблемаларға айналып отыр. Өйткені, жалпы айтқанда экологияны қорғау еліміздің тұрмысы мен әл-ауқатының артуына, денсаулығының мықты болуына, айналаның, қоршаған ортаның жақсара түсуіне, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының барлық салаларының өркендеуіне және т. б. жағдайларды жақсаруына әкеп соғады.

Экологиялық құқық ұғымы — бұл қоғам мен табиғат арасындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалар жүйесі. Экологиялық қатынастар тек экономикалық құқық нормаларымен ғана емес, сондай-ақ құқықтың басқа да, мысалы, жер, су, орман және т.б. салаларымен реттеледі.

Экологиялық құқық ұғымы заң ғылымдарының саласы ретінде ХХ ғасырдың 80-ші жылдарында пайда болды. Қазіргі кезде бұл негізгі үш бөліктен тұрады:

Экологиялық құқық үшін маңызды, институттар мен ережелерге қатысты *жалпы бөлім*; экологиялық құқық пәні, әдістері, экологиялық құқықтық қатынастар, табиғи ресурстарға меншік құқығы, табиғатты пайдалану және оны реттеу құқығы, экологиялық сараптама, экологиялық құқық бұзу үшін заң бойынша жауапкершілік.

Жерді, атмосфералық ауаны, жер қойнауын, ормандарды, жануарлар әлемін, ерекше қорғалатын аймақтарды қорғау және пайдалануды құқықтық реттеу сияқты бөлімдерден тұратын *негізгі бөлім*.

Қоршаған табиғи ортаны қорғаудың халықаралық құқықтары мәселелері туралы *арнайы бөлім*.

Экологиялық қатынастарды құқықтық реттеудің ерекшелігі — әкімшілік-құқықтық әдіспен әсер етудің басымдығы. Олай дейтініміз, екі жақтың (азаматтық-құқықтық әдіске тән) заңды түрде тең еместігі, билік пен бағынушылықтың қатынасы. Мұндайда осы қызметті заң талаптарына сәйкес жүргізуі керек және қоғам мен азаматтардың мүддесін білдіруі қажет табиғат қорғау органдары билікке ие болып шығады. Соңғы кезде экологиялық қатынастарды құқықтық реттеу саласында, экономикалық немесе қаржылық механизм арқылы әсер етудің рөлі арта бастады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы — экологиялық құқықтың негізгі көзі. Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес, «әрбір адам жанға жайлы қоршаған ортаға, сондай-ақ экологиялық құқық бұзу арқылы адамның денсаулығына немесе дүние мүлкіне әкелетін зардаптар, қоршаған ортаның жағдайы және шығынды өтеуі туралы анық ақпараттар алуға құқылы».

Қазақстан Республикасында жер және басқа да табиғи ресурстар сол территорияда өмір сүретін халықтардың тіршілік негізі. Егер де қоршаған ортаға зиян әкелмейтін болса және басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүддесі бұзылмайтын болса, онда жерді немесе басқа да табиғи ресурстарды пайдалану олардың меншік иелерімен еркін жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының «Қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы» Заңы табиғатты қорғау заңдарының міндеттерін анықтайды — табиғи байлықтарды және адамның табиғи тіршілік ортасын сақтай отырып, қоғам мен табиғат арақатынастарын реттеу, адамның шаруашылық тіршілігі барысында экологиялық зиянды әсерлерді болдырмау, қоршаған орта сапасының жақсаруы, қазіргі және болашақ ұрпақтар мүддесі үшін құқық тәртібін сақтау және заңдылығын нығайту.

Әрбір азамат қоршаған ортаның жағымсыз әсерінен — антропогендік әсерден, авария, зілзала, табиғи апаттан өз денсаулығын қорғауға құқылы. Осы құқықпен қамтамасыз ету механизмін қоршаған ортаның сапасын жобалау және нормалау, экологиялық зиянды әсерлерді болдырмау, авария, катастрофа, табиғи апаттарды ескерту және салдарларын жою жатады.

Қоршаған орта және табиғи ресурстарды қорғау саласы бойынша заңдар:

Ресурстар мен объектілер	Заңдар:
Жер	«Жер туралы»
Жер қойнауы	«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану», «Мұнай туралы»
Су	«Су кодексі»
Жердің озон қабаты, атмосфералық ауа және климат	«Атмосфералық ауаны қорғау туралы»
Ормандар	«Орман кодексі»
Жануарлар әлемі	«Жануарлар әлемін пайдалану, қайта өндіру және қорғау»
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар	«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы»

Еліміздің экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы — экологиялық қауіпсіздіктің негізгі стратегиялық бағыттарын айқындай отырып, қоршаған ортаны қорғаудағы және табиғат пайдаланудағы экологиялық шектеулер арқылы мемлекетіміздің экологиялық қауіпсіздігін және тұрақты дамуының негізгі іргетасы болып табылады. Бірақ, қазіргі мекемелер белгіленген лимиттерді және қоршаған ортаны қорғау талаптарын үнемі орындай бермейді. Мекемелер экологиялық акцияларды жүргізу барысында қазіргі және болашақ ұрпақ алдында қоршаған ортаның ластануының алдын алу жауапкершілігін біледі. Бірақ, экологиялық зиянды қызметпен айналысатын адамдар пайда табудың арқасында, өз уақыттарын экологиялық жағдайдың қауіпсіздігіне және қоршаған ортаға қолайлы жағдай жасауға жұмсамайды. Сондықтан да мемлекет экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуші субъект ретінде барлық субъектілерге бірінші кезекте экологиялық мүдденің тұруына ықпал етуі қажет. Сол себептен азаматтардың экологиялық мүдделерін қорғау үшін қоршаған ортаны қорғауда қолайлы механизм табу қажет. Бұл үшін экологиялық сараптама институтының рөлі маңызды болып табылады.

Қазіргі таңда Каспий өңіріндегі экожүйені сақтау Қазақстан алдында тұрған ең көкейкесті мәселелердің бірі болып табылады. 2007 жылы қабылданған Экологиялық кодекске сәйкес таяу болашақта елімізде үздіксіз экологиялық мониторинг қағидаты енгізілмек. Мұнай компанияларының өз қызметінде тигізген экологиялық зардаптарын бағалау әдістемесі әзірленіп, аталған проблеманы халықаралық-құқықтық реттеу тетігі жандандырылды.

Қазақстан Үкіметі әзірлеген «Жасыл мұнай» ұлттық бағдарламасының тұжырымдамасы тек көмірсутегі өндіруде экологиялық стандарттарды қатаң сақтауды қамтамасыз ете алатын экспорттаушыларға ғана халықаралық сертификаттар беруге мүмкіндік туғызады.

Экологиялық зардапты өтеудің құқықтық проблемалары адам мен табиғаттың өз ара әсерін реттеудің экологиялық құқық нормаларымен тікелей байланысты.

Бүгінгі таңдағы Қазақстан Республикасының экологиялық зардапты өтеудің құқықтық проблемалары ұлттық экологиялық проблемалардан басталады, атап айтар болсақ:

– Арал теңізінің акваториясын қысқарту және тұздану дәрежесі жоғары жаңа шөлді аумақтардың түзілуіне байланысты оның табанының жалаңаштануы;

– бұрынғы Семей сынақ ядролық полигонының болуы;

– Каспий теңізі шельфінің ресурстарын қарқынды түрде игеру арқылы теңіз және жағалаулық экожүйелерге әсер етуі;

– су ресурстарының ластануы және сарқылуы;

– тарихи ластанулар;

– трансшекаралық экологиялық проблемалар;

– әскери-ғарыштық және сынақ кешендері полигондарының әсері.

Ал, жергілікті экологиялық мәселелерге тоқталар болсақ:

– ауа бассейнінің ластануы;

– радиоактивті ластану;

– бактериологиялық ластану;

– химиялық ластану;

– өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халықаралық қауіпсіздік бағыттарының бірі болып саналады. Бұл саланың маңызды құжатнамасына 2007 жылы қабылданған Экологиялық кодексі болып табылады. Экологиялық қауіпсіздік төңірегіндегі мемлекеттік саясат мақсаттарына табиғи жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаға әсер ететін табиғи және антропогендік әсерлер нәтижесінде пайда болған қауіп- қатерден сақтау жатады. Бұл мақсатқа жету үшін елімізде келесі мәселелер өз шешімін табуы қажет:

– климатта өзгеріс тудыратын және жердің озон қабатын бұзатын антропогендік әсерді төмендету;

– биоэралуандылықты сақтау және жердің деградациясы (құнарлылығы төмендеу) мен шөлдену процестерінің алдын алу;

– экологиялық апатты аймақтарды, әскери космостық және сынақ кешендері полигондарын қайта қалпына келтіру;

– Каспий теңізі қайраңының ластануының алдын алу;

– су ресурстары азаюы мен ластануына жол бермеу;

– тарихи ластанулардың ауа бассейнінің ластануының, радиоактивті, бактериологиялық және химиялық, сол сияқты трансшекаралық ластанулардың алдын алу және жою;

– өндірістік және тұрмыстық қалдықтар көлемін азайту;

– табиғи және техногендік төтенше жағдайлардың алдын алу.

Өндіріс саласында қоршаған ортаны қорғау бойынша заңнаманы және басқаруды жетілдіру бойынша ұсыныстар оның экономиканың басқа салаларында құқықтық реттелуіне, қоғамдық өндірістің басқа экологиялық мәселелерін зерттеуде қолдануға болады.

Экологиялық зардаптарды өтеудің құқықтық негіздерін зерделей келе, ұсынылатын негізгі ережелер:

1. Өндіріс саласында қоршаған ортаны құқықтық қорғау — бұл қоршаған ортаға өнеркәсіптік қызметтің зиянды әсерін алдына алуға және және оның бұзылған жағдайын қалпына келтіруге бағытталған өнеркәсіп кәсіпорындарымен және арнайы күзіретті мемлекеттік органдарымен жүзеге асырылатын құқық нормаларында бекітілген шаралар жүйесі.

2. Өндіріс саласында қоршаған ортаны қорғаудың негізгі қағидалары әртүрлі иерархиялық деңгейдегі және салалық бағыттағы бөлек нормативтік-құқықтық актілерде бекітілген. Осы қағидалар қолданыстағы, яғни 2002 жылғы 3 сәуірдегі «Қауіпті өндіріс объектілеріндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бекітілуі тиіс.

3. Өндірістік қызметтің зиянды әсерінен қоршаған ортаны қорғау нормалары өнеркәсіптік қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерін алдын алуға және оның бұзылуын

қалпына келтіруге бағытталағн өнеркәсіптік кәсіпорындарымен және арнайы құзырлы мемлекеттік органдармен жүзеге асырылатын қызметті реттейтін нормалардың жиынтығы болып табылатын өнеркәсіптегі қоршаған ортаны қорғау атты құқықтық институттың құрамдас бөлігі болып табылады.

Өнеркәсіптегі қоршаған ортаны қорғау нормалары даму үшін айқын келешегі, жасақталып жатқан нормативтік базасы бар, яғни өмір сүруге құқығы бар дербес құқықтық институт болып табылады.

4. Экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қазіргі кезеңнің екітұсты мақсаты болып тұр. Сондықтан болашақта өндіріс саласында қоршаған ортаны қорғаудың мақсаттары, міндеттері, қағидалары, қоршаған ортаны қорғау саласында кәсіпорындардың құқықтық мәртебесі, олардың мақсаттары, құқықтары мен міндеттері, шаруашылық қызметтің кезеңдеріне қойылатын экологиялық талаптар, экологиялық қызмет, оның құрылымы, мақсаты мен қызметі, экономикалық механизм мен заңды жауапкершілік бекітілген «Өнеркәсіптегі қоршаған ортаны қорғау туралы» ҚР Заңын қабылдау керек.

5. Өндірістік кәсіпорындардың құқықтық мәртебесін бекітетін нормативтік құқықтық актілерде (19 маусым 1995 жылғы «Мемлекеттік кәсіпорын туралы», 5 қазан 1995 жылғы «Өндірістік кооператив туралы», 22 сәуір 1998 жылғы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», 13 маусым 2003 жылғы «Акционерлік қоғамдар туралы», 2 маусым 1995 жылғы «Шаруашылық серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарында) кәсіпорынның шаруашылық қызметіне қойылатын экологиялық талаптар жоқ болғандықтан, оларды заңды тұлғалардың экологиялық-құқықтық мәртебесін, кәсіпорын жұмыскерлерінің экологиялық құқықтары мен міндеттерін белгілейтін, кәсіпорынның экологиялық қызметін құру тәртібі мен оның функцияларын бекітетін (кәсіпорындағы қоршаған ортаны қорғау департаменті, кәсіпорындағы қоршаған ортаны қорғау бойынша маман) жаңа нормалармен толықтыру қажет.

Шаруашылық қызметтің кезеңдеріне байланысты: атмосфералық ауаға әсер ететін кәсіпорындарды, құрылыстарды және басқа да объектілерді орналастыру, жобалау, салу, пайдалануға енгізу бойынша атмосфералық ауаны қорғау туралы нормалары қамтылған 9 қаңтар 2007 жылғы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексін «Атмосфералық ауаны қорғау бойынша экологиялық талаптар» атты дербес Тараумен толықтыруды ұсынамын.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексін осылай өзгерту жаңа нормаларды тәжірибеде дұрыс қолдану арқылы атмосфералық ауаның ластану мәселесін әрі қарай шешуге мүмкіндік береді.

Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуге БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы) үлкен үлес қосқан.

Табиғатты қорғау қызметіне БҰҰ-ның барлық басты органдары мен мамандандырылған мекемемері: Бас ассамблея, Экономикалық және әлеуметтік кеңес (ЭКОСОС), Аймақтық экономикалық комиссиялар (мысалы, Еуропалық экономикалық комиссия), Халықаралық еңбек ұйымы (МОТ), Білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО), Халықаралық реконструкция және даму банкі (МБРР), Атом энергетикасы жөніндегі халық аралық агенттігі (МАГАТЭ), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ВОЗ), Халық аралық теңіз ұйымы (ИМО), Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым (ВМО) осы сияқты ұйымдар экологиялық проблемаларға арасалып отырады.